

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – С.237-239

БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тезекбаев М.Қ.

Дизайнерлердің кәсіби құзіреттілігінің құрылымдық-маңыздылығының негізінің мінездемесі, жоғарғы буындағы мамандардың санаты қолданбалы- кәсіби талаптарға сай болуы; бітіруші түлектердің контексті-креативті көзқарасын қалыптастыра отырып сәулет дизайны, өндірістік дизайн, графикалық дизайн мамандарын даярлауда. *Дизайн негізі пәнінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығы*, Дүниежүзілік ақпараттық білім беру кеңістігінің құрылуымен, әлемдік ғаламдану процесінің жеделдеуіне байланысты өзекті мәселені игеру мақсатында ауқымды іс-шаралар жүргізілуле. Осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тұжырымдамалық негізделуі және кезең-кезеңмен жүргізілуі принциптері негізінде жүзеге асырылуда. Жоғарғы технологияның әлеуметтік қызметі аясының кеңеюімен байланысты дизайнға байланысты пәндерді оқытуды оңтайландыру мен қарқынды ету қазіргі заманғы білім беруді ақпараттандыру мен модернизациялау жағдайындағы басым бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл маңызды мәселені шешу мұғалімге, оның оқытудың мақсаттары мен шарттарына сай жаңа технологиялар мен әдістемелерді қолдана білуіне тікелей байланысты.[1]

Электрондық оқу құралдары мен мультимедиалық бағдарламалық өнімдерді жасауға жете көңіл бөліне бастады. Дегенмен, педагогикалық тәжірибеде дайындалған ақпараттық электрондық, мультимедиалық өнімдердің қазақ тілінде оқытуда қолданылуының білім берудің талаптарына, мақсаттарына, жинақталған тәжірибеге және қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның даму деңгейіне сай еместігі байқалады. Оқытуда мультимедиалық бағдарламалық өнімдер мен электрондық оқу құралдарын қолданудың әдістемелік мәселелерін осы аталған мәселемен байланыста қарастыру өте маңызды зерттеудің өзекті мәселесі айқындалды:

Мектеп қабырғасынан бейнелеу өнеріне бейім балаларды компьютерлік бағдарламалармен таныстырып, мультимедиалық бағдарламаны қолданып оқыту арқылы оқушыларға, кешенді меңгерту үрдісін ұйымдастырудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздестіру. Мультимедиалық бағдарламаны қолданып оқыту арқылы бірінші курс студенттерінің (орта білім базасында қабылданған) қатысымдық құзырлылықтарын дамыту.

- Мектеп қабырғасынан бейнелеу өнеріне бейім балаларды қазақ тіліндегі мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту жағдайында оқушыларға графикалық және сөз мағнасына байланысты композиция

құрастыру әрекетінің түрлерін бір-бірімен байланыстыру, кешенді меңгерудің интерактивті әдіс-тәсілдері мен түрлерін іздестіру;- сабақтың мультимедиалық бағдарламасыз өткізілетін кезеңдеріне арналған коммуникативтік-интерактивтік жаттығулар кешенін дайындау;- қазақ тіліндегі мультимедиалық бағдарлама арқылы оқытудың әдістемелік жүйесі мен үлгісін жасау; - қазақ тіліндегі мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесінің ұтымдылығын іс тәжірибелік білім беру арқылы дәлелдеу. Қойылған мәселенің іс тәжірибелік маңызы қазақ тіліндегі мультимедиалық бағдарламаны қолданудың кезеңдерін анықтауға, сабақтың мультимедиалық бағдарламасыз өткізілетін кезеңдері үшін қажетті жаттығуларды дайындауға, оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін анықтауға байланысты осы тақырыптағы жұмыстарға сүйене отырып берілген тұжырымдарды және дайындалған коммуникативтік-интерактивтік жаттығулар кешенін қазақ тілінде оқытатын оқытушылар пайдаланса студенттердің мүмкіншілігі арта түсетіні сөзсіз. Қазақ тіліндегі мультимедиалық бағдарламалық өнімдер мен электрондық оқу құралдарын қолданып оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеуші магистранттар, аспиранттар мен ізденушілер де пайдалана алатындығында.

- 1) Мультимедиалық ақпараттық қорлар оқу материалын көрнекі түрде ұсынудың, түрлі дизайн саласында ақпараттарды алудың және талдаудың құралы бола алады;
- 2) Мультимедиалық қорларды қолдану арқылы композиция мен кеңістікті негізінде ойлауды дамытуға; оқу материалын меңгеруге байланысты танымдық қызметті ұйымдастыруға; студенттердің іс жүзінде композиция құрастыру, кеңістікті сезінуге дағды қалыптастыру, жетілдіруді ұтымды ұйымдастыру;
- 3) Мультимедиалық қорлар студенттердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру мен басқарудың құралы бола алады. Зерттеу жұмысында мультимедиалық ақпараттық қорлардың бұл аталған ерекшеліктері мен қызметтері ғылыми негізде дәйектеліп, нақты мысалдар арқылы дәлелденді. Мультимедиалық оқыту бағдарламасы оқушылардың белгілі бір оқу тақырыптары бойынша берілген материалдарды өз бетінше және оқытушының көмегімен игеруіне негізделген. Тақырыптың композициясымен танысудан бастап, бағдарлама мазмұнында қамтылған барлық жұмыс түрлері интерактивті режимде орындалады. Мультимедиалық бағдарламада қызығушылықты туғызудың негізгі әдістері ретінде көрнекілік әдісі (нобайылар яғни визуалдық көрнекілік), анимация, интерактивті жаттығулар қолданылғаны дұрыс. [2]

Орыстілді топтарда қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту үрдісін ұйымдастыруда тілді оқытудың және нақты сабақтың мақсат-міндеттеріне сәйкес сабақта компьютерді қолданудың кезеңдерін дұрыс анықтаудың, студенттердің мультимедиалық бағдарламамен өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың, оқушылардың тілдік серіктестер тобындағы жұмысы кезеңінде орындалатын жаттығулар мен тапсырмалардың түрлерін мақсатқа сай дұрыс іріктеп, дайындаудың маңызы өте зор. Қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы компьютерді

қолданып оқытуда интерактивті режим «оқушы – компьютер», «оқушы – оқушы», «оқушы – оқытушы» диалогы негізінде іске асырылады. [3]
Интерактивті әдістердің негізінде оқу үрдісіндегі оқушы мен оқытушының және оқушылардың өзара бірлескен қызметі іске асырылады. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы оқу үрдісін оқушылардың барлығы танымдық қызмет үрдісіне тартылатындай етіп ұйымдастыруға болады, оқытуды бұлайша ұйымдастыруда ескеретін бір нәрсе – оқушының қарастырылып отырған мәселеге қатысты ой-пікірлерінің барлығы (дұрыс, бұрыстығына қарамастан) маңызды деп есептелуі тиіс.

Әдебиеттері тізімі

1. Architectura-Zeitschrift Fur Geschichte Der Baukunst, DeutscherKunstverlag GMBH, Munich, Germany. ISBN 5-85971-124-7
2. Азизян И. А. Искусство света в городе. - М. : ФАИР-ПРЕСС, 2001. - 231 с.
3. Шимко В.Т. Архитектурно – дизайнерское проектирование. Издательство: Архитектура – С, 2004г.